

"2017 жылға Жамбыл ауданының мектепке дейінгі ұйымдарында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы" Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы әкімдігінің 2017 жылдың 13 наурызындағы № 75 қаулысын күші жойылды деп тану туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 2 қазандағы № 230 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2017 жылдың 23 қазанда № 4348 болып тіркелді

"Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 27-бабы 3-тармағына, 46-бабы 2-тармағы 4) тармақшасына сәйкес, Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "2017 жылға Жамбыл ауданының мектепке дейінгі ұйымдарында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы" Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы әкімдігінің 2017 жылдың 13 наурызындағы № 75 қаулысын (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 4142 болып 2017 жылдың 14 сәуірінде тіркелген, 2017 жылдың 20 сәуірінде Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкіне жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы әкімі аппаратының басшысына жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

И. Турков